

Брокерлік қызмет пен номиналды ұстау қызметін көрсету туралы (типтік) шартқа өзгерістерді қарау

(«SkyBridge Invest» АҚ Басқармасының 25.086.2026 жылғы №13 хаттамасымен бекітілген)

* Шығарылған мәтін қызыл түспен, ал қосылған мәтін көк түспен бөлектеледі.

Ағымдағы нұсқасы	Жаңа нұсқасы
<p>2.7. Брокер Клиентке Клиентті осындай деп тануға ниеті бар және Заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келетін білікті инвестор деп тану жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ Брокердің Ішкі құжаттарында айқындалған өтініш пен құжаттар негізінде білікті инвесторлардың есебінен ғана сатып алуға рұқсат етілген бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестицияларды жүзеге асыру бөлігінде көрсетілетін қызметтерді ұсынады.</p>	<p>2.7. Шарт жасалған кезде Клиентке автоматты түрде бөлшек клиент мәртебесі беріледі, бұл оған қорғаудың неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Клиентті білікті/кәсіби клиент ретінде жіктеу оның өтініші бойынша және қолданылатын заңнамада әрі Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген өлшемшарттар сақталған жағдайда кез келген уақытта жүзеге асырылады.</p> <p>Брокер Клиентке Клиентті осындай деп тануға ниеті бар және Заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келетін білікті инвестор деп тану жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ Брокердің Ішкі құжаттарында айқындалған өтініш пен құжаттар негізінде білікті инвесторлардың есебінен ғана сатып алуға рұқсат етілген бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестицияларды жүзеге асыру бөлігінде көрсетілетін қызметтерді ұсынады.</p>
<p>2.16. [жоқ]</p>	<p>2.16. Клиент өзіне тиесілі қаржы құралдарының және (немесе) ақшаның шетелдік есеп айырысу ұйымдарында сақталуы және есепке алынуы мүмкін екендігі туралы хабардар етілген және бұған келісім береді. Шартқа қосылу арқылы Клиент осы хабарламаны алғанын және онымен танысқанын растайды, сондай-ақ мұндай сақтауға өз келісімін береді.</p>
<p>2.17. [жоқ]</p>	<p>2.17. Брокердің қызметтерді көрсету шеңберінде Клиентпен өзара іс-қимылы Брокердің кеңсесінде тікелей байланысу, интернет-ресурс, мобильді қосымша, жеке кабинет, электрондық пошта, телефон байланысы және Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де қызмет көрсету арналары арқылы жүзеге асырылады. Қолжетімді қызмет көрсету арналарының өзекті тізбесі, оларды пайдалану тәртібі, өтініштер беру және қызметтер алу тәртібі, құжаттарға қол қою және Клиенттің ерік білдіруін растау тәсілдері, Брокер қызметкерлерінен консультациялар алу тәртібі, сондай-ақ жекелеген қызмет көрсету арналарына қолданылатын шектеулер туралы мәліметтер Брокердің интернет-ресурсында және (немесе) мобильді қосымшасында орналастырылады.</p>
<p>11.1. Шарт бойынша кез келген дауларды және/немесе келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.</p>	<p>11.1. Шарт бойынша кез келген дауларды және/немесе келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.</p> <p>Клиент Қоғамға өтініштерді электрондық пошта, пошта байланысы, жеке жүгіну арқылы немесе Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де тәсілдермен жолдауға құқылы. Клиенттің онлайн-чат, мессенджерлер, Брокердің интернет-ресурсындағы және (немесе) мобильді</p>

	<p>қосымшасындағы нақты уақыт режиміндегі хабар алмасу жүйелері арқылы, сондай-ақ Брокердің телефон нөмірлеріне жолдаған хабарламалары Қазақстан Республикасының заңнамасында және Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қаралатын өтініштер болып табылмайды және ақпараттық сипаттағы сұрау салулар ретінде қарастырылады. Егер мұндай хабарламада шағым, талап немесе Брокердің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келіспеу туралы мәліметтер қамтылса, Клиентке өтініш беру тәртібі түсіндіріледі. Клиенттің өтініштеріне жауаптарды Қоғам жеке кабинет, мобильді қосымша, электрондық пошта, пошта байланысы арқылы немесе Тараптар келіскен өзге де тәсілмен жолдайды. Жауапты көрсетілген тәсілдердің кез келгенімен жіберу Брокердің өтінішке жауап беру жөніндегі міндетін тиісінше орындауы болып есептеледі.</p>
--	---